

АУЫЛДЫҚ ТУРИЗМДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТӘСІЛДЕР: ОҢТАЙЛАНДЫРУ ҮРДІСТЕРІ

DIGITAL APPROACHES IN RURAL TOURISM: TRENDS IN OPTIMIZATION

ЦИФРОВЫЕ ПОДХОДЫ В СЕЛЬСКОМ ТУРИЗМЕ: ТЕНДЕНЦИИ ОПТИМИЗАЦИИ

Ж.А. ДУЛАТБЕКОВА^{1*}

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор

А.А. АБДИКАДИРОВА²

Ph.D

А.Б. ӘБІЛҚАСЫМ³

э.ғ.к.

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан² Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Астана, Қазақстан³ Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

*автордың электрондық поштасы: d_jann@mail.ru

ZH. DULATBEKOVA^{1*}

C.E.Sc., Associate Professor

A. ABDIKADIROVA²

Ph.D

A. ABILKASSYM³

C.E.Sc.

¹ L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan² Ministry of Digital Development, Innovations and Aerospace Industry of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan³ Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan

* corresponding author e-mail: d_jann@mail.ru

Ж.А. ДУЛАТБЕКОВА^{1*}

к.э.н. ассоциированный профессор

А.А. АБДИКАДИРОВА²

Ph.D

А.Б. ӘБІЛҚАСЫМ³

к.э.н.

¹ Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан² Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан, Астана, Казахстан³ Центрально-Азиатский инновационный университет, Шымкент, Казахстан

*электронная почта автора: d_jann@mail.ru

Аңдатпа. Мақсаты – жаһандану контекстінде республикада агротуризмді қалыптастыру және ілгерілету үшін цифрландырудың маңыздылығы көрсетілген. Әдістері – ауылдық аумақтарда туризм саласын кеңейтуге, ұсынылатын қызметтерді ілгерілетуге цифрлық технологиялардың әсерін бағалау кезіндегі статистикалық және факторлық талдау. Нәтижелер – авторлар қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығы туризмі елдің ауылдық аудандарының әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешу үшін ерекше маңызға ие болатынын айтады. Оның дамуы ауылдан көші-қон деңгейін төмендетуге, экономикалық белсенділікті әртараптандыруға және ауыл тұрғындары үшін жаңа табыс көздерін құруға ықпал етеді. Ақпараттық-коммуникациялық әзірлемелер мен механизмдерді енгізу басқару процестерін, агротуристтік сервисті таратуды және тұтынушылармен өзара іс-қимылды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Агроэкономикалық туризмнің жоғары рөлі оның жұмыспен қамту мәселелерін шешу қабілетінде, инновацияларды тұрақты қолдануды қамтамасыз ететін инфрақұрылымды жетілдіруде, сондай-ақ субъектілерде цифрлық платформалармен

жұмыс істеу дағдыларын тәрбиелеуде көрінеді. *Қорытындылар* – нарық қатысушыларына халықаралық туристік секторда Қазақстанның бәсекелестік артықшылықтарын құра отырып, туристік өнімдердің тартымдылығын арттыру үшін ақпараттық-цифрлық ресурстарды пайдалану практикасын игеру қажет. Аграрлық туризмді түрлендіру ауылдық кәсіпкерліктің перспективалы бағыты ретінде қалыптасқан әлемдік дәстүрлер мен бірегей ұлттық ерекшеліктерге сүйене отырып, үдемелі түрде жүзеге асырылады. Осылайша, агротуризм экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрғыдан ауылдық жерлерді сауықтыруға бағытталған әрекеттердің бірі болып табылады. Туристік компаниялардың, жергілікті басқару органдарының оны таратудағы әлеуеті мен қызығушылығына қарамастан, жүйелі тәсіл қажет, осыған байланысты өңірлердің ерекшеліктерін ескере отырып, осы мәселені бағдарламалық шешу неғұрлым ұтымды болуы мүмкін.

Abstract. *The objective* – is to demonstrate the significance of digitalization for the development and promotion of agritourism in the Republic of Kazakhstan within the context of globalization. *Methods* – statistical and factor analysis were employed to assess the impact of digital technologies on the expansion of tourism in rural areas and the promotion of tourism services. *Results* – the authors state that under current conditions, agritourism has become particularly important for addressing the socio-economic challenges of the country's rural regions. Its development contributes to reducing rural outmigration, diversifying economic activity, and creating new sources of income for the rural population. The introduction of information and communication technologies and digital mechanisms makes it possible to optimize management processes, expand agritourism services, and improve interaction with consumers. The important role of agro-economic tourism is reflected in its ability to address employment issues, improve infrastructure that supports the sustainable adoption of innovations, and develop digital platform skills among stakeholders. *Conclusions* – market participants need to adopt the practical use of digital information resources to enhance the attractiveness of tourism products, thereby creating competitive advantages for Kazakhstan in the international tourism sector. The transformation of agrarian tourism is progressing steadily, drawing upon established global traditions and unique national characteristics as a promising direction for rural entrepreneurship. Thus, agritourism represents one of the approaches to revitalizing rural areas from economic, social, and environmental perspectives. Despite the existing potential and the interest shown by tourism companies and local government authorities in its expansion, a systematic approach is required; therefore, a program-based solution that takes regional specificities into account may be the most rational way to address this issue.

Аннотация. *Цель* – показана значимость цифровизации для формирования и продвижения агротуризма в республике в контексте глобализации. *Методы* – статистический и факторный анализ при оценке воздействия цифровых технологий на расширение сферы туризма в сельских территориях, продвижение предлагаемых услуг. *Результаты* – авторы констатируют, что в современных условиях сельскохозяйственный туризм приобретает особую важность для решения социально-экономических задач сельских районов страны. Его развитие способствует снижению уровня миграции из села, диверсификации экономической активности и созданию новых источников дохода для сельского населения. Внедрение информационно-коммуникационных разработок и механизмов позволяет оптимизировать процессы управления, распространение агротуристического сервиса и взаимодействие с потребителями. Высокая роль агроэкономического туризма проявляется в его способности решать проблемы занятости, совершенствования инфраструктуры, обеспечивающей стабильное применение инноваций, а также воспитания у субъектов навыков работы с цифровыми платформами. *Выводы* – участникам рынка необходимо освоение практики использования информационно-цифровых ресурсов для повышения привлекательности туристических продуктов., создавая конкурентные преимущества Казахстана в международном туристическом секторе. Трансформация аграрного туризма осуществляется поступательно, опираясь на устоявшиеся мировые традиции и уникальные национальные особенности как перспективное направление сельского предпринимательства. Таким образом, агротуризм является одной из попыток оздоровления сельской местности с экономической, социальной и экологической точек зрения. Несмотря на наличие потенциала и заинтересованности туристических компаний, органов местного управления в его распространении требуется системный подход, в связи с этим наиболее рациональным может стать программное решение данного вопроса с учетом специфики регионов.

Түйінді сөздер: ауылдық аумақтар, агротуризм, туристік қызмет, инфрақұрылым, цифрлық технологиялар, жұмыспен қамту, табыс, мемлекеттік қолдау, бәсекелестік артықшылықтар.

Keywords: rural areas, agritourism, tourism activities, infrastructure, digital technologies, employment, income, state support, competitive advantages.

Ключевые слова: сельские территории, агротуризм, туристическая деятельность, инфраструктура, цифровые технологии, занятость, доход, государственная поддержка, конкурентные преимущества.

Мақала түсті: 14.04.2026. Сараптамадан кейін мақұлданған: 05.06.2026. Қабылданды: 12.06.2026.

Кіріспе

Ауыл шаруашылығын әртараптандыруға негізделген агротуризм ауылдық жерлер мен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына, ауылдан қалаға көшу, ауылдардың жойылу мәселелерін шешуде маңызды рөлге ие. Агротуризмнің өнімі мен қызметі ауыл шаруашылығы өніміне бағытталып ұсынылады. Ауыл шаруашылығы ел халқының ежелден айналысып келе жатқан шаруашылығы болғандықтан, агротуризмді дамытуға да мүмкіндік бар. Осы мүмкіндікті ескере отырып, тұрғылықты халықты туристік қызметті ұсынуға және оны ілгерілету технологияларын, оның ішінде цифрландыруға бейімдеу қажет. Агротуризмді дамыту ауыл тұрғындарын қосымша жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді (Қазақстан Республикасы Үкіметі...) [1].

Цифрландыру агротуризмді дамыудың маңызды факторы ретінде фермерлердің, агротуризммен айналысатын субъектілердің ақпарат алмасуы мен тұтынушылар әлеуетін қалыптастыруға және қызмет сапасын арттыруға жағдай жасайды. Жаңа өнімдер шығаруға, әлемдік деңгейде жасалып жатқан тәжірибиелерді меңгеруге, кәсіби деңгейде арттыруға, маркетинг құралдарын қолдануға мүмкіндік бере отырып, цифрландыру нарық үлесін арттыруға, жаңа нарыққа шығуға ықпал етеді (UN Tourism. Tourism and Rural...) [2].

Ауыл шаруашылығына бейімделген ауыл халқын туризмге және цифрландыруға бейімдеу жаңа нарықты және тұтынушылар әлеуетін арттыруға мүмкіндік алады. Еуропа елдерінің (Италия, Франция, Польша және Моңғолия сияқты көршілес елдер) табысты мысалдары агротуризмнің маңызды экономикалық салаға айналуы мүмкін екенін көрсетеді. Халықаралық тәжірибені пайдалану Қазақстанға ауыл шаруашылығы мен туризмді тиімді біріктіруге, тартымды және бәсекеге қабілетті туристік өнімдер жасауға мүмкіндік береді (Койшинова Г.К., Сарина Б.С., Домалатов Е.Б.) [3].

Қазіргі таңда жаһандану жағдайында агротуризмді дамытудың стратегиялық бағыттарында цифрландыру өзекті мәселелердің бірі. Ол ауылдың әлеуетін толық пайдалануға беретін мүмкіндіктерімен қа-

тар, экологиялық, жасыл экономиканың қолға алынуы, яғни халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған тұрақты экономикалық даму үлгісін іске қосуға септігін тигізеді. Өнеркәсіптік және цифрлық экосистемелер арасындағы өзара әрекеттесуді қарастыру тиімді саясатты әзірлеудің кілті болып табылады (Organisation for Economic Co-operation...) [4].

Дегенмен, агротуризмді цифрландыру туризм мен ауыл шаруашылығын цифрландырумен және мамандарды оқыту, цифрлық технологияларды игеруге бейімдеу қажеттілігі де бірге туындайтын мәселе. Елімізде ауыл шаруашылығы мамандарының цифрлық сауаттылығын арттыру еңбек өнімділігінің артуына септігін тигізген. Ауыл шаруашылығын цифрландыру инвестициялық салымдар мен мемлекеттік қолдау тетіктерін қажет еткен (Bekbossinova A., Doszhan R.) [5].

Сондықтан, агротуризмді дамыту ауыл шаруашылығын әртараптандыруға мүмкіндік берсе, цифрландыру еңбек өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін, нарық үлесін арттыруға септігін тигізетінін негіздеуге болады. Елімізде цифрландыру агротуризмнің дамуына әсер ететін маңызды фактор ретінде қарау және зерттеу маңызды. Агротуризмдегі цифрландырудың өңірлік еңбек өнімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әсерін ұсыну, ізденістер қатарындағы агротуризмді стратегиялық дамыту бағыттарын, мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіруді және ауыл халқының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешудегі ықпалын негіздеуге мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

Агротуризмді соңғы жылдардағы зерттеулер өңірлердегі ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешудегі маңызды екенін ұсынуда. Ауыл шаруашылығы мен туризмді ұштастыру арқылы ауыл халқына қосымша қызметпен, жұмыспен қамтуға болатынын қарастырған. Сонымен қатар, агротуризмді дамыту арқылы жергілікті мекеннің инфрақұрылымын дамытуға, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға маңызды драйвер болатынын ұсынған (Seiitzhagyparova Sh., Kossymbayeva Sh., Bulkhairova Zh. et al.) [6].

Агротуризм мәселелерін тұрақты зерттеу қоршаған ортаның жағымсыз әсерін шешудегі мәселелерді азайтуға мүмкіндік береді және ол әлеуметтік-экономикалық дамытуды ілгерілетуі әлеуетіне ие. Агротуризм мәселелерін әлемде дамушы елдерге қарағанда, дамыған елдерде көп зерттелген және нәтижелері сол елдің агротуризмнің дамуына маңызды үлес қосқан. Агротуризмді дамыған елдерде зерттеу бірінші экономикалық мәселелерге бағытталса, сонан кейін экологиялық және цифрландыру мәселелерін терең зерттеу қолға алынды (Ndhlovu E., Dube K.) [7].

Цифрландыруды арттыру ауыл шаруашылығы мен туризмнің ұштасуын күшейтеді және оның стратегиялық даму бағыты агротуризмді дамытудың негізгі драйвері (Yang X., Chen C., Huang S. et al.) [8]. Қытайдағы зерттеулерге қарағанда Цзянси аймағына цифрландыру ауыл шаруашылығы мен туризмнің байланысын арттыруға септігін тигізгенін эмпирикалық талдаулар нәтижесінде анықталған. Осы зерттеудің жалғасымын ұсынған ізденістерде Қытайда ауылдық туризмді цифрландыру табыстылықтың артуына септігін тигізгендігін, модернизациялаудың әсерін кіші квадраттық тестілеу арқылы дәлелдеген (Zhang Q., Feng H., Feng X. et al.) [9].

Агротуризм өнімдерін платформалар арқылы ұсыну нарықтың кеңеюімен қатар, жаңа нарықтың пайда болуына алып келеді (Turtureanu A.G., Crețu C.M., Pripoaie R. et al.) [10]. Агротуризмнің стратегиялық даму бағыттарындағы жаңа нарық пен нарықтың кеңеюі тұрақтылық пен инновацияға негізделді (Yasin A.S., Bacsi Z.) [11]. Цифрлық трансформациялардың әсері агротуризмді тұрақты дамуға апарады. Аталған зерттеулердегі тұжырымдармен қатар, агротуризмде басқару жүйесін жетілдіруде және оның стратегиялық бағыт бағдарын іске асыруда цифрландырудың маңызы жоғары екені де ұсынылды (Rosário A.T., Dias J.C.) [12].

Сонымен қатар, азық-түлікті оңтайлы бөлу мәселесі де зерттеулер қатарынан тысқары қалмаған. Ауыл шаруашылығында автоматтандырылған жүйе арқылы азық-түлік мәселелерін тиімді жоспарлау және оны оңтайлы бөлу ауыл шаруашылығында әртараптандыруда маңызды және агротуризмнің тұрақты дамуына септігін тигізеді (Song Y., Song Y., Wang Q.) [13]. Жалпы зерттеулер, агротуризмді цифрландырудың негізгі стратегиялық бағыттары ретінде экономикалық тиімділікті, экологиялық әсерлерді, туристерге қолжетімділікті арттыруға және ауылдық өңірлердің цифрлық дамуына негізделетінін қарастырған. Деген-

мен, агротуризмнің цифрлық даму факторы жаһандық цифрлық даму бағыттарымен үздіксіз зерттеуді қажет етеді.


Материалдары мен әдістері

Агротуризмді және оған әсер ететін факторларды зерттеуде агротуризмнің тиімділігін, әлеуметтік-экономикалық әсерін, агротуризм өнімдерін ілгерілету жолдарын, цифрлық технологияның ауыл шаруашылығы мен туризмді ұштастыру әрекетін зерттеуге бағытталған әдістер қолданылған. Туристердің саны мен кіріс көлемін және жұмысшылар санына шаққандағы еңбек өнімділігін анықтау цифрлық технологиялардың маңызын ұсынуға мүмкіндік береді. Зерттеуде агротуризмге қатысты салалардың 2015-2025 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы көрсеткіштері, халықаралық ұйымдардың, отандық және шетел ғалымдарының зерттеулері мен мемлекеттік бағдарламалар және стратегиялық құжаттар қолданылды.

Әлеуметтік-экономикалық дамуға негізделген стратегиялық бағыттары мен болашағы ұсынуда статистикалық және факторлық талдау әдістері қолданылды. Цифрлық технологиялардың агротуризмді дамытуға факторлық әсерін анықтауда сараптамалық бағалау әдістері қолданылып, тұжырымдар жасалынды. Цифрлық технологиялардың агротуризмнің дамуына оң әсерін негіздеу үшін, мәселелік аспектілеріне негізделген көрсеткіштерге салыстырмалы және жүйелік талдау әдістері қолданылып, перспективалы мүмкіндіктері ұсынылды. Зерттеу нәтижелері өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде, мемлекеттік басқару шешімдерін қабылдауда ұсыныстар жасауға негіз бола алады.

Нәтижелер

Қазақстанда қала және ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуына жұмыстардың тапшылығы, яғни жұмыс орындары санының аздығы, кәсіби деңгейдің төмендігі мен білімі әсер етеді. Қазақстанда жалпы халық санының 2025 жылдың қорытынды көрсеткіші бойынша 67% жоғары бөлігі қалада орналасқан. Қалаға қарағанда көші-қон мәселелері бойынша ауылда осындай жағдайларға ұшырап жатады. Дегенмен, ауылда ауыл шаруашылығымен нақты айналысатындар ғана қалады. Сондықтан, келесі суреттен көріп отырғанымыздай, статистикалық деректерде жұмыссыздық мәселесін шешу қаланың жұмыссыздық мәселелерімен теңдей жағдайда қалыпты шешілуде (1 сурет) (Қазақстан Республикасындағы еңбек...) [14].



Ескерту: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы мәліметтері негізінде авторлармен құрастырылды

1 сурет – Қала мен ауылдағы жұмыспен қамтылу және көші-қон мәселелерінің көрсеткіштері


Ауылдағы азаматтар өздерінің жұмыссыздыққа қатысты туындаған мәселелерін қалаға барып шешетіндігі жоғарыда айқын көрсетіліп тұр. Ауылдық жерлердегі жұмысқа жарамды тұлғалардың қалаға жұмыссыздық мәселесінен кейін көшуі ауылдық елді мекендегі жұмыссыздық деңгейін бірқалыпты ұстап тұруға әсер етуде. Сондықтан, қалада жұмыс орындарының болуынан қаладағы жұмыссыздық деңгейі ($R^2=0,7623$), дегенмен қаладағы еңбек нарығының өзгерісін білдіріп отыр, тұрақты емес және құбылмалы шамалар ауылдан келген жұмыссыздарға толық кепілдіктің болмайтынын білдіреді.

Ауылдық елді мекенде де жұмыссыздық деңгейі ($R^2=0,9763$) бірқалыпты төмендеуде және ол жағдайды нақтылай түсуде. Ауылдық аймақтарда жұмыссыздық мәселесі жылдам шешіліп, ауылдағы тұрғындардың азаюымен жұмыссыздардың саны да азаюда. Яғни, ауылдық мекендерде жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне септігін тигізіп отырған жұмысшы күшінің қалаға көшуі 2014-2025 жылдар аралығындағы көрсеткіштерде қарқынмен артуда ($R^2=0,9949$). Оған күнкөріс деңгейінің төмендеуі, яғни әлеуметтік-экономикалық факторлар әсер етіп отыр. Нәтижесі ауылдың экономикасының әлсіздігі мен қалалардың дамуы арасындағы айырмашылықтың бар екенін көрсетеді.

Еліміздің өңірлеріндегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерін оңтайландыруға негіз болатын шаруашылықты әртараптан-дыру арқылы жұмыс орнын қалыптастыруға агротуризм мүмкіндік береді. Туристік сала қызметі 2015-2025 жылдар аралығында екі негізгі туристік салаға оң және теріс әсер берген факторлардың ықпалына ұшырады (2 сурет) (Туризм статистикасы) [15].

Қазақстанда туристердің санының ауытқуы мен кірістің, инвестиция көлемінің ауытқуы ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің өткізілуіне байланысты оң және әлемді жайлаған COVID-19 пандемиясының теріс әсерінен болғанымен, туристік салада жұмыспен қамту екі жағдайда да бір қалыпты деңгейде болған. Орташа 2015-2025 жылдар аралығындағы өсім 103,4% құрады. Елде туристік сала көрсеткіштерінің өзгермелі деңгейіне қарағанда, туристік саладағы жұмыспен қамту бір қалыпты деңгейде болған.

COVID-19 пандемиясынан кейін туристер саны күрт артқан, дегенмен туристерге көрсетілетін қызмет көлемінің артуы ілеспелі арту көрсеткішіне ие бола алмаған. Сондықтан, туризмді және ауыл шаруашылығының өнімі мен қызметін әртараптан-дыру арқылы ұштастыру маңызды. Мұндай ұштастыру агротуризмнің міндеттеріне жүктеліп, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді оңтайландырудың стратегиялық бағытын ұстанар еді.



Ескерту: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы деректері негізінде авторлармен құрастырылды

2 сурет – Қазақстанның ішкі туризмінің 2015-2025 жылдар аралығындағы даму жағдайының қарқыны, %

Еліміздің ауылдық жерлерінде жұмыспен қамтылғандар қатарын нақты тұрақты ауыл шаруашылығымен немесе жергілікті нақты салаларға қатысты тұрақты жұмыспен бірнеше жыл қамтылғандар ұстап отыр. Агротуризмнің цифрландырудың даму жағдайында дамуы ауылдық жерлердегі агротуризммен айналысуға ұсыныс беріп отырған тұлғалардың цифрлық сауаттылығын

ашуды да талап етеді. Оларды онлайн қызметтерді ұсынумен қатар, электронды сауданы меңгеруге, цифрлық дағдыны қалыптастыруға және цифрлық платформаларда жұмыс жасауды үйрету маңызды. Ауылдан қалаға көшуге жұмыссыздық мәселесіне және білім дейіне байланысты мәжбүр болады (кесте).

Кесте – Агротуризмді дамытудың маңызын негіздейтін факторлар

Факторлар	Факторлардың негізгі әсері
Қаладағы жұмысқа жарамдыларға әсер ететін факторлар	- экономикалық өсу: 50%; - туу көрсеткіші: 30%; - миграция: 20%
Қаладағы жұмыссыздыққа әсер ететін факторлар	- жұмыс орындары: 60%; - дағдылар сәйкессіздігі: 40%
Ауылдағы жұмысқа жарамдыларға әсер ететін факторлар	- ауыл шаруашылығы мүмкіндіктері: 50%; - көшіп кету: 50%
Ауылдағы жұмыссыздыққа әсер ететін факторлар	- жұмыс тапшылығы: 70%; - білім деңгейі: 30%
Көшуге әсер ететін факторлар	- жұмыс мүмкіндіктері: 60%; - қалалық қызметтер: 40%

Ескерту: Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі деректері бойынша авторлармен құрастырылды

Еліміздің бай туристік әлеуетімен қатар, тарихи-мәдени мұрасы, көпұлтты асханасы мен географиялық орналасуы, әсіресе ежелгі тарихтан қалыптасып келе жатқан ауыл шаруашылығы агротуризмді дамытуға мүмкіндік беріп отыр. Оның әлемдік танымалдылығы мен тартымдылығын, қолжетімділігін арттыруда цифрлық технологиялардың маңызы жоғары. Ол экологиялық және тұрақты ауыл шаруашылығы мен туризмнің дамуын байланыстырумен қатар, жасыл

экономиканың рөлін арттыруға, цифрлық экономикаға көшуге септігін тигізеді. Яғни, цифрландыру екі саланы біріктіруге және дамытуға қосар үлесі бар.

Саланың қызметін цифрландыруды дамыту үшін цифрлық дағдыны арттыру қажет. Дегенмен, елімізде агротуризмді дамытуға бағытталған бағдарламалар мен оның ауыл шаруашылығымен ұштасуын тездетін агротуризмді цифрландыру факторла-

рын оңтайландыруға қатысты бағдарламалар мен мемлекеттік қолдаулар қажет.

Агротуризмнің дамуына кері әсерін тигізіп отырған цифрлық инфрақұрылым ауылдық жерлердегі сервистік қызметке де қолжетімділікті тежейді. Мысалы, eGov қызметтері, онлайн білім беру, агротуризмге қатысты платформалардың дамуына кедергі жасауы мүмкін. Сонымен қатар, қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту да маңызды. Себебі, телекоммуникациялық жабдықтар заманауи технологиялармен алмастырылуы, деректерді өңдейтін жабдықтардың жаңа заманауи жабдықтармен алмастырылуы және сақтау жадыларының күшейтілуі агротуризммен айналысатын субъектілердің қызметінің тиімділігін арттырады.

Экономикалық белсенділігі төмен Солтүстік және Қостанай облыстарында агротуризмнің маңызын арттыру, инфрақұрылымы әлсіз Түркістан және Жамбыл облыстарының ауылдық аумақтарында агротуризмнің даму мүмкіндігі жоғары болғанымен, агротуризмнің цифрлық даму жағдайындағы тұрақты дамуына кері әсер етіп отыр. Шығыс Қазақстан, Абай облысы мен Жетісу облыстарының шалғай ауылдық аумақтарында және таулы аумақтарында агротуризмді цифрлық дамыту мүмкіндіктеріне инфрақұрылымдық мәселелер кері әсерін тигізіп отыр. Экологиялық әсерлер Қызылорда мен Маңғыстау облыстарында су тапшылығы және экологиялық дағдарыстың әсері ауыл шаруашылығының, оның ішінде агротуризмнің дамуына кері ықпал етеді.

Аталған өңірлердегі туристердің тартымдылығы да басқа өңірлермен салыстырғанда төмен. Туризм сыртқы факторларға өте сезімтал сала. Ауыл шаруашылығы сыртқы факторлардың қатарымен, табиғи-маусымдық факторларға сезімтал. Екі саланы ұштастыруда, байланыс бойынша қызметін арттыруда жоғарыда қарастырып өткеніміздей агротуризмге цифрландыруды еңгізу маңызды. Цифрландыруға ауыл халқының біліктілік деңгейін көтеру, дағдылау мәселелерін қолға алу қажет.

Цифрлық технологиялар агротуристік нысандардың танымалдылығын арттыруға, туристермен тікелей байланыс орнатып, қызмет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Ауылдық жерлердегі виртуалды турлар мен туристік қызметтің әртараптануының жаңа технологиялармен байланысын күшейтіп, тартымдылығын арттыруға, қызметтің сапасын жоғарылатуға септігін тигізеді. Нәтижесінде интерактивтік карталар, мобильдік қосымшалар, онлайн брондау мен ауылдық туризмнің кең аудиториясын арттыру мен жасақтауға мүмкіндік

береді. Дегенмен, ауылдық жерлердегі цифрландыруды туристік сала қызметін ауыл шаруашылығымен ұштастыра отырып арттыру бірнеше факторлардың шешімдерін талап етеді.

Маңызды факторлардың бірі кәсіби деңгейде мейлінше жетілдіру, цифрлық технологиялардың қолжетімділігін арттыру, ауылдық жерлердегі туристік әлеуетті жаңғырту және қаржылық шектеулерді оңтайландыру, ақпараттық платформаларды жасақтау және т.б. аталған факторлардың оңтайлы шешімі ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы көші-қон, жұмыссыздық мәселелеріндегі стратегиялық мақсаттардағы мәселелердің шешімі де маңызды.

Агротуризмді дамытуда цифрландыру бәсекеге қабілеттілікті арттырып, ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді. Цифрлық құралдарды тиімді пайдалану арқылы ауылдық мәдениет, ұлттық дәстүрлер, жергілікті өнімдер, табиғи ресурстар туристік құндылық ретінде қалыптасады. Цифрландыру агротуризмді дамытудың тек техникалық құралы емес, оның ұзақ мерзімді тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды стратегиялық бағыт болып табылады.

Талқылау

Ауылдық жерлердегі жұмыс тапшылығын төмендетудің маңызды драйвері ретіндегі агротуризм жастар мен басқа да ауылдық тұрғындарды ауылдық жерлерде жұмыспен қамтылуына септігін тигізеді. Бірақ, ол үшін ауыл жастарына «Дипломмен ауылға», «Жастар практикасы», «Жасыл ел» және басқа да бағдарламалармен қатар, ауыл тұрғындарының туризмге және цифрландыруға дағдыларын арттыру мақсатында халықаралық оқыту бағдарламаларын іске қосу маңызды.

Мысалы, Қытайда агротуризмді қолдау шараларын жүзеге асыру, оның ішінде салықты жеңілдіктер ұсыну, фермерлерді туристік сала қызметіне және цифрландыруға бейімдеп оқыту жүйесі, шеберлік сабақтар өткізу, әйелдер мен қарттарды маусымдық жұмысқа тарту шаралары қалаға көшуді азайтқан (Zeng X., Bai Y., Wu J. et al.) [16]. Америкада цифрлық инфрақұрылымды, ауылдық инфрақұрылымды дамыту мақсатында агротуризмнің дамуына оң әсер берген мемлекеттік қаржылық саясат, ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуына септігін тигізген (Rupasingha A., Pender J., Williams R. et al.) [17].

Шекаралас жатқан Өзбекстанда халықаралық агротуризм мен оның цифрлық

маркетингтік құралдарын оқытуға бағытталған халықаралық оқыту бағдарламасы ауыл тұрғындарының цифландырудың агротуризм өнімдеріне ілгерілету дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік берген. Ауыл тұрғындарының осал топтарына арналған портал жұмыспен қамту және жұмыспен қамтудағы дағдыны арттыруға негізделген. Туристік салада онлайн қонақтарды брондау және туристерге онлайн агротуризм өнімін ұсынатын порталдардың жұмыс жасауы, ақпараттық инфрақұрылым, цифрлық трансформациялар, цифрландыру шығындарын жабудағы қаржылық тетіктерді шешу мәселелерінің қолға алынуы, ауыл тұрғындарының туристік қызметті ұсынуға дағдылау агротуризмнің стратегиялық бағытта дамуына алып келеді.

Қорытынды

1. Әлемдік деңгейдегі зерттеулерді тұжырымдай келе, цифрландыру ауыл шаруашылығы мен туризмнің ұштасуына жылдамдатады екен. Цифрландыру қазіргі таңда ауылдық туризмнің тиімділігін, әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде маңызды. Сондықтан, өңірлердегі халықты, оның ішіндегі жұмыссыз халықтың ауыл шаруашылығы өнімі мен қызметін ұсынуды туризммен ұштастыра отырып, цифрлық біліктілік пен дағдысын арттыру қажет. Себебі, агротуризмді цифрландыруға қатысты зерттеулер нәтижесін салыстырмалы талдау нәтижесі көрсеткендей цифрландыру фактор ретінде тиімділікті арттырумен қатар, біліктілік пен дағдыны қажет етеді.

2. Ауыл шаруашылығы мен туризмнің ұштасуынан ұсынылатын агротуризмнің өнімдері және қызметтерін ілгерілету әрі туристер тартымдылығын арттыруда цифрлық маркетингтің алатын орны да жоғары. Тұтынушылардың агротуризм өніміне қолжетімділігін арттыратын деректер базасын қалыптастыру, мобильді қосымшалар мен әлеуметтік желілердегі тартымдылығын арттыратын ақпараттық технологияларды жетілдіру қажет.

3. Цифрландыруды агротуризм мен ауылдық жерлердің даму бағдарламасында маңызды фактор ретінде ұсыну қажет. Себебі, агротуризмде цифрландыру өнімділікті арттырады, шығындарды азайтады, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына септігін тигізеді, бизнестің тартымдылығын арттырады, нарықтың кеңеюіне алып келеді. Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі төмендеуде, туризмде еңбек өнімділігі тұрақты, бірақ туристер саны артқаны мен кіріс көлемі төмендеуде. Агротуризм екі саланың өнімі мен қызметін әртараптандыруға және еңбек өнімділігінің артуына септігін ти-

гізеді, ал агротуризмнің дамуында цифрландыру нарықты кеңейтуге мүмкіндік береді.

4. Агротуризмнің өнімінің бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақты дамуына ықпал ететін факторлардың бірі интеллектуалды ресурстардың жетілдірілуі және Big Data жүйелерін еңгізу қажет. Ол агротуризмнің өнімі мен қызметінің сапасын жетілдіруге және тұтынушылардың қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

5. Агротуризмді цифрлық даму жағдайында дамытуға мүмкіндік беретін цифрлық инфрақұрылым мәселелерін анықтау және оңтайландыру қажет. Әсіресе, ауылдық жерлердегі цифрлық инфрақұрылымының дамуы агротуризмді цифрландыру мүмкіндігіне және сервистік қолжетімділікті арттырады. Цифрлық инфрақұрылымды жетілдіруде мемлекеттік қолдау шараларының маңызы жоғары.

Авторлар үлесі: Дулатбекова Жанар Абдираевна: тақырыптың негізгі идеясын, зерттеудің мақсатын, міндетін қою, зерттеуге қажетті мәліметтерді жинау, ақпарат көздерін таңдау, зерттеу нәтижелерін талқылау және тұжырымдар жасау, мақаланың толық нұсқасын жіберу; Абдикадинова Анар Адилхановна: көрсеткіштерді жинақтау, талдау, басылымды өңдеу, зерттеу нәтижелерін талқылау, әлемдік ақпарат көздерінен мәліметтерді жинау; Әбілқасым Айнұр Бұғыбайқызы: зерттеулерді үйлестіру, зерттеу нәтижелерін талқылау, халықаралық ұйымдар мен отандық мемлекеттік бағдарламаларды талдау, мақаланы талапқа сай өңдеу, рәсімдеу.

Мүдделер қақтығысы: авторлар мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

[1] Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы [Электрондық ресурс]. - 2023. - URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (қаралған күні: 19.03.2026).

[2] UN Tourism. Tourism and Rural Development [Electronic resource]. – 2020. Available at: <https://www.untourism.int/news/tourism-and-rural-development> (date of access: 19.03.2026).

[3] Койшинова, Г.К. Агротуризм в Казахстане (региональный аспект): потенциал и перспективы / Г.К. Койшинова, Б.С. Сарина, Е.Б. Домалатов // Проблемы агротуризма. - 2025. - №1. - С.49-60. <https://doi.org/10.46666/2025-1.2708-9991.04>.

[4] Organisation for Economic Co-operation and Development. Digitalisation and environment [Electronic resource]. – 2026. Available at: <https://www.oecd.org/en/topics/digitalisation-and-the-environment.html> (date of access: 19.03.2026).

[5] Bekbossinova, A. The Impact of Digitalization and Investment on Agricultural Development in Kazakhstan / A. Bekbossinova, R. Doszhan // *Eurasian Journal of Economic and Business Studies*. - 2025. - Vol. 69. - Issue 1. - P.81-96. <https://doi.org/10.47703/ejebbs.v69i1.474>.

[6] Seitzhagyparova, Sh. Agroturistic Development: Management Of Rural Social Infrastructure In Kazakhstan / Sh. Seitzhagyparova, Sh. Kossymbayeva, Zh. Bulkhairova, B. Nurmaganbetova, O. Zhadigerova // *Bulletin Of National Academy Of Sciences Of The Republic Of Kazakhstan*. - 2024. - Vol. 3.- N409. - Article 6186. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.779>

[7] Ndhlovu, E. Agritourism and sustainability: A global bibliometric analysis of the state of research and dominant issues / E. Ndhlovu, K. Dube // *Journal of Outdoor Recreation and Tourism*. - 2024. - Vol. 46. - Article 100746. <https://doi.org/10.1016/j.jort.2024.100746>.

[8] Yang, X. How Digital Intelligence Enables Integration of Agricultural and Tourism Industries? An Empirical Study of Less-Developed Areas in China / X. Yang, C. Chen, S. Huang, C. He // *Sage Open*. - 2025. - Vol. 15. - Issue 2. - Article 03. <https://doi.org/10.1177/21582440251328103>.

[9] Zhang, Q. Has Digitalization Boosted the Rural Tourism Income? - Evidence from Prefecture-Level City Panel Data in China / Q. Zhang, H. Feng, X. Feng, W. Xu, L. Wei // *Land*. - 2025. - Vol. 15. - Issue 2. - Article 17. <https://doi.org/10.3390/land14010017>.

[10] Turtureanu, A.G. Sustainable Development Through Agritourism and Rural Tourism: Research Trends and Future Perspectives in the Pandemic and Post-Pandemic Period / A.G. Turtureanu, C.M. Crețu, R. Pripoaie, E.Ș. Marinescu, C.G. Sîrbu, L.G. Talaghir // *Sustainability*. - 2025. - Vol. 17. - Issue 9. - Article 3998. <https://doi.org/10.3390/su17093998>.

[11] Yasin, A.S. Agritourism and Rural Development: A Global Bibliometric Analysis of the State of Research, Limitations, and Future Directions / A.S. Yasin, Z. Bacsi // *Agriculture*. - 2025. - Vol. 15. - Issue 8. - Article 866. <https://doi.org/10.3390/agriculture15080866>.

[12] Rosário, A.T. Exploring the Landscape of Smart Tourism: A Systematic Bibliometric Review of the Literature of the Internet of Things / A.T. Rosário, J.C. Dias // *Administrative Sciences*. - 2024. - Vol. 14. - Issue 2. - Article <https://doi.org/10.3390/admsci14020022>.

[13] Song, Y. Song, Y., & Wang, Q. Smart Agriculture Development: How Can Rural Digital Transformation Enhance the Resilience of Food Security? / Y. Song, Y. Song, Q. Wang // *Foods*. - 2026. - Vol. 15. - Issue 3. - Article 426. <https://doi.org/10.3390/foods15030426>.

[14] Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары [Электрондық ресурсы]. - 2025.-URL: <https://www.stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-empt-nempl/publications/301781/> (қаралған күні: 19.03.2026).

[15] Туризм статистикасы [Электрондық ресурсы]. - 2026. - URL: <https://www.stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/> (қаралған күні: 19.03.2026).

[16] Zeng, X. The impact of vocational skills training of public employment services on off-farm employment: Evidence from rural China / X. Zeng, Y. Bai, J. Wu, Y. Qiu, L. Zhang // *World Development*. - 2025. - Vol. 185. - Article 106902. <https://doi.org/10.1016/j.asieco.2025.102095>.

[17] Rupasingha, A. Place-based subsidies and employment growth in rural America: Evidence from the broadband initiatives programme / A. Rupasingha, J. Pender, R. Williams, J. Goldstein, D. Nair // *Papers in Regional Science*. - 2023. - Vol. 102. - Issue 4. - P.677-709. <https://doi.org/10.1111/pirs.12740>.

References

[1] Qazaqstan Respublikasy Ükimeti (2023). Qazaqstan Respublikasynyń turistik salasyn damytudyn 2023-2029 jyldarǵa arnalǵan tujyrymdamasyn bekıty turaly [On approval of the Concept for the development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. Available at: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (date of access: 19.03.2026) [in Kazakh].

[2] UN Tourism (2020). Tourism and Rural Development. Available at: <https://www.untourism.int/news/tourism-and-rural-development> (date of access: 19.03.2026) [in English].

[3] Koishinova, G.K., Sarina, B.S. & Domlatov, E.B. (2025). Agroturizm v Kazahstane (regional'nyj aspekt): potencial i perspektivy [Agritourism in Kazakhstan (regional aspect): potential and prospects]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 1, 49-60. <https://doi.org/10.46666/2025-1.2708-9991.04> [in Kazakh].

[4] Organisation for Economic Co-operation and Development (2026). Digitalisation and environment. Available at: <https://www.oecd.org/en/topics/digitalisation--and--the--environment.html> (date of access: 19.03.2026) [in English].

[5] Bekbossinova, A. & Doszhan, R. (2025). The Impact of Digitalization and Investment on Agricultural Development in Kazakhstan. *Eurasian Journal of Economic and Business Studies*, 69 (1), 81-96. <https://doi.org/10.47703/ejebbs.v69i1.474> [in English].

[6] Seitzhagyparova, Sh., Kossymbayeva, Sh., Bulkhairova, Zh., Nurmaganbetova, B. & Zhadigerova, O. (2024). Agroturistic Development: Management Of Rural Social Infrastructure In Kazakhstan. *Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, 3 (409), 6186. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.779> [in English].

[7] Ndhlovu, E. & Dube, K. (2024). Agritourism and sustainability: A global bibliometric analysis of the state of research and dominant issues. *Journal of Outdoor Recreation and Tourism*, 46, 100746. <https://doi.org/10.1016/j.jort.2024.100746> [in English].

[8] Yang, X., Chen, C., Huang, S. & He, C. (2025). How Digital Intelligence Enables Integration of Agricultural and Tourism Industries? An Empirical Study of Less-Developed Areas in China. *Sage Open*, 15 (2), 03. <https://doi.org/10.1177/21582440251328103> [in English].

[9] Zhang, Q., Feng, H., Feng, X., Xu, W. & Wei, L. (2025). Has Digitalization Boosted the Rural Tourism Income? - Evidence from Prefecture-Level City Panel Data in China. *Land*, 15 (2), 17. <https://doi.org/10.3390/land14010017> [in English].

[10] Turtureanu, A.G., Crețu, C.M., Pripoe, R., Marinescu, E.S., Sîrbu, C.G. & Talaghir, L.G. (2025). Sustainable Development Through Agri-tourism and Rural Tourism: Research Trends and Future Perspectives in the Pandemic and Post-Pandemic Period. *Sustainability*, 17 (9), 3998. <https://doi.org/10.3390/su17093998> [in English].

[11] Yasin, A.S. & Bacsı, Z. (2025). Agri-tourism and Rural Development: A Global Bibliometric Analysis of the State of Research, Limitations, and Future Directions. *Agriculture*, 15 (8), 866. <https://doi.org/10.3390/agriculture15080866> [in English].

[12] Rosário, A.T. & Dias, J.C. (2024). Exploring the Landscape of Smart Tourism: A Systematic Bibliometric Review of the Literature of the Internet of Things. *Administrative Sciences*, 14 (2), 22. <https://doi.org/10.3390/admsci14020022> [in English].

[13] Song, Y., Song, Y. & Wang, Q. (2026). Smart Agriculture Development: How Can Rural Digital Transformation Enhance the Resilience of Food Security? *Foods*, 15 (3), 426. <https://doi.org/10.3390/foods15030426> [in English].

[14] Qazaqstan Respublikasyndaғы еңбек нарығының негізгі индикаторлары [Main indicators of the labor market in the Republic of Kazakhstan] (2025). Available at <https://www.stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/publications/301781/> (date of access: 19.03.2026) [in Kazakh].

[15] Turizm statistikasy [Tourism statistics] (2026). Available at: <https://www.stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/> (date of access: 19.03.2026) [in Kazakh].

[16] Zeng, X., Bai, Y., Wu, J., Qiu, Y. & Zhang, L. (2025). The impact of vocational skills training of public employment services on off-farm employment: Evidence from rural China. *World Development*, 185, 106902. <https://doi.org/10.1016/j.asieco.2025.102095> [in English].

[17] Rupasingha, A., Pender, J., Williams, R., Goldstein, J. & Nair, D. (2023). Place-based subsidies and employment growth in rural America: Evidence from the broadband initiatives programme. *Papers in Regional Science*, 102 (4), 677–709. <https://doi.org/10.1111/pirs.12740> [in English]

Авторлар туралы ақпарат:

Дулатбекова Жанар Абдираевна – негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; «Туризм» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; 010008 Сәтпаев көш., 2, Астана қ., Қазақстан; e-mail: d_jann@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-0763-0155>

Абдиқадирова Анар Адилхановна; Ph.D; бас сарапшы; Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі; 010000 Мәңгілік Ел даңғ., 55/5, Астана қ., Қазақстан; e-mail: ankon_a@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9738-2479>

Әбілқасым Айнұр Бұғыбайқызы; экономика ғылымдарының кандидаты; ғылым бөлімінің басшысы; Орталық Азия инновациялық университеті; 160000 Байтұрсынова көш., 80, Шымкент қ., Қазақстан; e-mail: abilkasym77@bk.ru; <https://orcid.org/0000-0002-7773-1712>

Information about the authors:

Dulatbekova Zhanar – The main author; Candidate of Economic Sciences, Associate Professor; Associate Professor of the Department of Tourism; L.N. Gumilyov Eurasian National University; 010008 Satpayev str., 2, Astana, Kazakhstan; e-mail: d_jann@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-0763-0155>

Abdikadirova Anar; Ph.D; Chief Expert; Ministry of Digital Development, Innovations and Aerospace Industry of the Republic of Kazakhstan; 010000 Mangilik El Ave., 55/14, Astana, Kazakhstan; e-mail: ankon_a@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9738-2479>

Abilkassym Ainur; Candidate of Economic Sciences; Head of the Scientific Department; Central Asian Innovation University; 160000 Baitursynov str., 80, Shymkent, Kazakhstan; e-mail: abilkasym77@bk.ru; <https://orcid.org/0000-0002-7773-1712>

Сведения об авторах:

Дулатбекова Жанар Абдираевна – основной автор; кандидат экономических наук, ассоциированный профессор; ассоциированный профессор кафедры «Туризм»; Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева; 010008 ул.Сатпаева, 2, г.Астана, Казахстан; e-mail: d_jann@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-0763-0155>

Абдиқадирова Анар Адилхановна; Ph.D; главный эксперт; Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан; 010000 пр. Мәңгілік ел 55/5, г.Астана, Казахстан; e-mail: ankon_a@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9738-2479>

Әбілқасым Айнұр Бұғыбайқызы; кандидат экономических наук; руководитель научного отдела; Центрально-Азиатский инновационный университет; 160000 ул.Байтұрсынова, 80, г.Шымкент, Казахстан; e-mail: abilkasym77@bk.ru; <https://orcid.org/0000-0002-7773-1712>